

Павлодар облысы мәслихатының 2017 жылғы 15 маусымдағы "2017 - 2019 жылдарда субсидиялауға жататын Павлодар облысы бойынша әлеуметтік мәні бар автомобиль қатынастарының тізбесін айқындау туралы" № 128/14 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Павлодар облыстық мәслихатының 2018 жылғы 13 желтоқсандағы № 292/26 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 20 желтоқсанда № 6179 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 14-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 4 тамыздағы "Павлодар облысының Качир, Лебяжі аудандарын қайта атау туралы" № 724 Жарлығына, Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі міндетін атқарушысының 2015 жылғы 25 тамыздағы "Әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалдарын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" № 883 бұйрығына сәйкес, Павлодар облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Павлодар облысы мәслихатының 2017 жылғы 15 маусымдағы "2017 - 2019 жылдарда субсидиялауға жататын Павлодар облысы бойынша әлеуметтік мәні бар автомобиль қатынастарының тізбесін айқындау туралы" № 128/14 шешіміне (мемлекеттік тіркеудегі құқықтық нормативті актілердің № 5543 Тізбесінде тіркелген, 2017 жылғы 30 маусымдағы "Регион.kz" газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес, көрсетілген шешімнің қосымшасы жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың экономика және бюджет жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Облыстық мәслихаттың хатшысы

Ж. Тұрлыбаев

Б. Бексейітова

Павлодар облысы
мәслихатының 2018
жылғы 13 желтоқсандағы
№ 292/26 шешіміне
қосымша

Павлодар облысы
мәслихатының 2017 жылғы 15

2017-2019 жылдарда субсидиялауға жататын Павлодар облысының әлеуметтік мәні бар автомобиль қатынастарының тізімі

№ р/ с	Қала және аудан атауы	Маршруттардың тізімі
1	2	3
1	Ақсу қаласы	"Теміржол вокзалы - Ескі монша" "Теміржол вокзалы - Солтүстік өткел Евроазиаттық энергетикалық корпорациясы Акционерлік қоғамы" "Ақсу орталық ауруханасы - Ягодка бау -бақшасы" "Ақсу орталық ауруханасы - "Ақсу су арнасы" Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның су мұнарасы" "Теміржол вокзалы - Беловка кенті" "Ақсу - Күркөл - Ақсу" "Ақсу - Сольветка - Ақсу" "Ақсу - Сарышығанақ - Ақсу" "Ақсу - Парамоновка - Ақсу" "Ақсу - Ақжол - Ақсу"
2	Ақтоғай ауданы	"Ақтоғай - Шолақсор - Ақтоғай" "Ақтоғай - Барлыбай - Ақтоғай" "Ақтоғай - Қарабұзау - Ақтоғай" "Шұға - Ақтоғай - Шұға"
3	Железин ауданы	"Железинка - Моисеевка - Железинка"
4	Ертіс ауданы	"Ертіс - Қызылқақ - Ертіс" "Ертіс (Энергоорталық) - Қызылжар - Ертіс" "Қызылағаш - Селеті - Ертіс - Селеті - Қызылағаш" "Майқоңыр - Төбелес - Ертіс - Төбелес-Майқоңыр" "Ертіс - Амангелді - Ертіс" "Қосағаш - Ертіс - Қосағаш" "Ертіс - Қараағаш - Ертіс"
5	Тереңкөл ауданы	"Тереңкөл - Ивановка - Львовка - Фрументьевка - Воскресенка - Березовка - Т р о ф и м о в к а " "Тереңкөл - Ынталы - Тереңкөл"
6	Ақкулы ауданы	"М а й қ а р а ғ а й - А қ қ у л ы " " Қ а з а н т а й - А қ қ у л ы " " Б а й м о л д и н о - А қ қ у л ы " " Ж а б а ғ л ы - А қ қ у л ы " "Шоктал - Ақкулы"
7	Май ауданы	"Ақшиман - Көктөбе - Ақшиман"
8	Павлодар ауданы	"О л ь г и н к а - П а в л о д а р " "Жамбыл - Павлодар"
9	Успен ауданы	"Дмитриевка - Қоңырөзек - Успен" "Надаровка - Вознесенка - Чистополь - Успен" "Тимирязево - Ольховка - Успен"

10	Шарбақты ауданы	"Шарбақты - Қосқұдық - Сахновка - Шарбақты" "Шарбақты - Маралды - Көлбұлақ - Жылыбұлақ - Шарбақты" "Есілбай - Чигириновка - Ботабас - Арбиген - Галкино - Малиновка - Шарбақты"
----	-----------------	---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК